

«С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі дефектолог-логопедінің жыл бойында атқарған жұмыстарының есебі

Зерттеу нәтижесінде сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар 16 бала ата-анасының өтініші бойынша іріктелініп алынды. Оның ішінде фонетикалық-фонематикалық бұзылысы және жалпы сөйлеу тілінде кемістігі бар балалар. Логопедтің көмегі қажет деп танылған балалар іріктеліп алынғаннан кейін, жас ерекшеліктері мен сөйлеу тіліндегі кемшіліктерін ескере отырып, сабақ барысында жасалатын жаттығулар мен таныстыруға ерекше көңіл бөлініп, назар аударылды. Логопед маманының көмегін қажет ететін балалардың ата-аналары мен сынып жетекшілеріне кеңестер беріліп тығыз қарым-қатынаста болдық. Балалардың бойындағы өзгерістерді талқылап отырдық. Сабақ ойын түрінде ,ертегі тыңдау ,сөздік қорын молайту үшін көптеген суреттерді пайдаланып, әңгіме құрау арқылы да өтіліп отырылды.

Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалардың белгіленген әр сабағы:

- Ұйымдастыру кезеңі
- Мақсатын қою
- Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар
- Артикуляциялық жаттығулар
- Тыныс алуға арналған жаттығулар
- Дыбыс артикуляциясын нақтылау
- Дыбысты қою
- Фонематикалық естуді қалыптастыру бойынша жұмыс
- Жаңа сабақ
- Үй тапсырмасы
- Рефлексия (сабақ қорытындысы)

арқылы өтіліп отырылды. Анықтаған аңғарым бойынша сабақ өтілді. Сабақ кестесі бойынша күнделікті жеке және топтық сабақтар өтілді. Балалармен атқарылған жұмыс өз жүйесінде өткізілді. Осы балаларға сабақ кестелері қойылып жұмыс жоспарымен жүргізілді. Аптасына екі рет 45 минуттан жұмыс жүргізілді.

2021-2022 оқу жылындағы дефектолог-логопедтің сабақ кестесі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Боранова Райана	д/т	12:00-12:30				12:00-12:30
2	Қайрбекқызы Айғаным	д/т	12:00-12:30				12:00-12:30

3	Сайдулла Шапағат Сейфуллақызы	1Б		11:30- 12:00		11:30- 12:00	
4	Бақытжанқызы Айша	1В		11:30- 12:00		11:30- 12:00	
5	Эсенгелди Айсұлу Талапбекқызы	1В		11:30- 12:00		11:30- 12:00	
6	Абдуманап Асланбек Маратұлы	2Ә		13:30- 14:00		13:30- 14:00	
7	Мамбетали Амина Жаныбекқызы	2Ә		13:30- 14:00		13:30- 14:00	
8	Жагипбар Файзулла Динмухамедұлы	2В		13:30- 14:00		13:30- 14:00	
9	Бақытжанұлы Елдос	3А			13:30- 14:00		13:00- 13:30
10	Келес Сырым Рақымжанұлы	3Ә			13:30- 14:00		13:00- 13:30
11	Умирбек Дінмухамед Жуматайұлы	3Ә			13:30- 14:00		13:00- 13:30
12	Жарылкасын Әсет Алмасұлы	4А		12:15- 12:45			12:15- 12:45
13	Абдуманап Кәусар Маратқызы	4Б	12:30- 12:45			12:30- 12:45	
14	Сейдалиев Ералхан Ермаханұлы	5А	13:30- 14:00				13:30- 14:00
15	Амирбек Бекнұр Болатбекұлы	5Б	13:30- 14:00				13:30- 14:00
16	Қыдыр Жаннұр Салдарбекқызы	7А	13:30- 14:00				13:30- 14:00

Жұмыс барысы кезеңінде сөздік қорды, фонетико-фонематикалық жағын және грамматикалық құрылысын қалыптастыру мен жетілдіру бойынша жұмыстың көлемі ауысып отырды.

Өтілген сабақтар: Тыныс алу жаттығулары ұсақ –қол моторикасын дамыту жаттығулар,сергіту сәттері және психикалық процестерді түзету мен дамыту бойынша жүргізілді. Сөйлеу тілін түзету жұмысының жоспарлары логопедиялық топты зерттеу нәтижелері негізінде жасалды. Артикуляциялық аппараттың құрылысына, дыбыстың бұзылу сипатына, фонематикалық үрдіс деңгейіне, дыбысты жіктеуге, анализ және синтез дағдыларына назар аударыла отырып сабақтар өтілді. Оқушылар алғашында жаттығуларды жасап үйрену барысында, жаттығулардың атауымен жасалу жолдарын шатастырулары қиындықтар туғызды. Сабақтар өту және жаттығулар жасау біршама балалардың сөйлеу тілінде оң өзгерістер байқалды. Дыбыстарды дұрыс айту мақсатында жұмыстар жүргізіліп, бірқатар сөйлеу тіліндегі кемшіліктер азайғаны байқалады.

Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандым:

- 1.Ойын
- 2.Үлкендерден үлгі алу
- 3.Заттық әлем
- 4.Табиғат объектілері

Жұмыс түрлері:

- 1.Ата-анамен жұмыс
- 2.Балалардың өзіндік еңбегі

Кеңес беру әдістемелік қызмет:

Аталған бағыт шеңберінде оқу жылында ата-аналар мен педагогтарға оқуы мен жазылуындағы бұзылыстар бойынша, олардың себептері мен түзету және алдын алу бағытында жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Әдістемелік бағыт:

1.Біліктілігін көтеру 29.03.2022 жылы Инклюзивті білім беру және логопедия орталығы «Білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбында 72 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсынан сертификат алдым.

Атқарылған жұмыстың нәтижесі:

Бірқатар балаларда жалпы сөйлеу тілінің бұзылысы түзелгені байқалады.Атап өтер болсақ Боранова Райана, Абдуманап Асланбек, Мамбетали Амина, Келес Сырым, Умирбек Дінмухамед, Сейдалиев Ералхан, Қыдыр Жаннұр дыбыстарды айтуы жақсарып түзелді.

2022-2023 оқу жылында мектептегі психологиялық- педагогикалық қолдау қызметін алуды қажет ететін 9 бала қалдырылды. Осы балалардың ата-анасының өтініштері бойынша облыстық ПМПК мамандарының кеңесін алуды ұсынамын.

Анықтаманы жазған

Р.Байдыбекова